

УДК 811.512.122'373.49

ББК 81.2

E831

Есимова Жулдыз Дапеновна

Алматы, Казахстан

**КУЛЬТУРНАЯ ЛЕКСИКА, ИСПОЛЬЗУЕМАЯ В СВЯЗИ
СО СМЕРТЬЮ**

В статье рассматриваются слова и словосочетания, передающие обычаи, традиции, мировоззрение казахского народа, в целом подчеркивающие национальную культуру и национальный характер.

Ключевые слова: национальные обычаи, материальные культурные единицы, лингвокультурология, лингвокультурема

Esimova Zhuldyz Dapenovna

Almaty, Kazakhstan

DEATH-RELATED CULTURAL VOCABULARY

The words and phrases used for describing customs, traditions and the Kazakh people philosophy are studied in the article. The author discusses their importance for the national culture.

Key words: national customs, material cultural units, lingvoculturology, lingvocultural unit

Бүгінгі таңдағы ғаламдық өркениет аясындағы жаһандану үдерісіне байланысты тіл біліміндегі зерттеулер бағытының ауқымды да интеграциялық сипатына сай тіл мен мәдениет сабақтастығын анықтаудың мәні зор. Кез келген тілді ұлт тілі арқылы зерттейтін лингвомәдениеттану саласы. Жалпы тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы тілді зерттеудің бір саласы ретінде

кейінгі кезеңдерде қалыптасқан. Тіл – лингвистикалық аспекті. Ал тілдегі мәдениеттің әртүрлі көріністері мен қызметін мәдениеттану зерттейтіндіктен, лингвистика мен мәдениеттану ғылымдарының түйісу нүктесінен ХХ ғасырдың 90 жылдарында өз алдына жеке жаңа бағыт пайда болды, бұл бағыт Э. Бенвенист, В. Н. Шаклеин, В. А. Маслова және т. б. ғалымдардың еңбектеріне байланысты «лингвомәдениеттану» деген атқа ие болды.

Кез келген ұлт дүниетанымы, ұлттық болмыс, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан, ғасырлар бойы жасаған ұлттық мәдениеті оның тілінде көрініс табады. Ұлттық мәдениеттің тірегі тілде. Тіл – дүниетаным құралы. «Тілде халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәндегі (табиғи) болмысы мен дүниетанымы сақталған» [Әмірбекова, 2006, 22 б.]. Тіл – мәдениет айнасы. Онда ұлттық таным, ұлт менталитеті, ұлттық мінез, өмір салты, әдеп-ғұрпы, құндылықтар жүйесі, дүниеге көзқарасы, түйсігі, сана-сезімі көрініс табады. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық тіл мен ұлттық мәдениетті байланыстыра зерттейтін тіл білімінің лингвомәдениеттану деп аталатын саласы кең қанат жайып отырғаны жайлы зерттеуіміздің алдыңғы тарушасында сөз етілген болатын. Тіл мен мәдениет сабақтастығы, тілдің танымдық тұрғыда зерттелуі тіл білімінің өзекті салаларының бірі ретінде қарастырылуда (В. Фон Гумбольдт, В. Н. Телия, А. Вежбицкая, В. Воробьев, В. Маслова, Н. Д. Арутюнова, Д. С. Лихачёв, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, А. Сейілхан, А. Ислам т. б.). Орыс ғалымы В. А. Маслова тіл білімінің бұл саласына былайша анықтама береді: «Лингвокультурология – это наука, возникшая на стыке лингвистики и культурологии и исследующая проявления культуры народа, которые отразились и закрепились в языке» [Воробьев, 1997, 28 б.].

Лингвомәдениеттану ұлттық тіл деректерінің бойынан мәдени нышанды тауып, қарастырып, сол атаудың ұлт мәдениетіндегі өзіндік ерекшелігін танытуға көбірек бағыт бұрады. Осы саланың негізгі ұғымдарының бірі – лингвокультурема (лингвомәдени бірліктер). «В. В. Воробьев “лингвокультурема” терминін енгізе отырып, мынадай анықтама ұсынады: “лингвокультурема” — комплексная межуровневая единица, форму которой

составляет единство знака и языкового значения, а содержание — единство языкового значения и культурного смысла» [Маслова, 2004, 44 б.]. Демек, лингвокультурема - ұлт мәдениетінен хабардар етер ұлт тілінде көрінетін тілдік бірліктер. «Мәтінде немесе қарым-қатынас барысында көрініс табатын лингвокультурема – ұлттың өзіне тән болмысы мен әдет-ғұрпына, әлеуметтік өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне сай уәжделген мәдени әрекеттер мен ситуациялардың негізінде бейнеленген атауыш таңба (зат, бұйым, ұлттық қажеттілік атауы мен мәдени көріністі сипаттайтын ситуациялар атауы)» [Манкеева, 1997, 20 б.]. Осыған орай біздің жұмысымызда қазаға қатысты жасалатын жоралғыларды лингвомәдениеттанымдық жағынан талдау барысында лингвомәдени бірліктерге (лингвокультурема) баса мән берілді.

Лингвомәдени бірліктер немесе лингвокультуремалар әр түрлі салалы сөздердің топтарынан көрінеді. Ұлттық салт-дәстүр, жөн-жоралғы, ұлттық көзқарастар, ұлттық болмыс, бір сөзбен айтқанда ұлттық мәдениетті, ұлттық мінезді білдіретін сөз және сөз тіркестері.

Салт-дәстүрлер – рухани мәдениеттің негізгі аспектісі. «Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Оның негізгі бір сипаты – оның тұрақтылығы. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, тіл арқылы ол ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Сол арқылы ұлт өмірінің желісі үзілмей, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі» [Манкеева, 1997, 5 б.].

Осыған орай қазаға байланысты қолданылатын лингвомәдени бірліктердің *ұлттық салт-дәстүр, заттық мәдениет бірліктері* (киім-кешек, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, аспап, үй жабдықтары, мал шаруашылығына қатысты заттар) деп аталатын екі түріне айырықша тоқталып, төмендегіше топтастырдық:

Қазаға байланысты қолданылатын ұлттық салт-дәстүр лингвомәдени бірліктері:

Бидай шашу – өлікті үйден шығарған соң оның аруланған орынына бидай шашып тазалау ғұрпы болған. Оның мәні – арты өсіп-өнсін, ұрпақтары көп болсын деген мағынаға саяды. Сондай-ақ қазақ дүниетанымында өлген

адамның орнын жаңа ұрпақ басады, өлім – өсіп-өнуге, жаңа өмірдің көктеуіне себепкер болады деген ұғым қалыптасқан.

Шырақ жағу – өлікті үйден шығарған соң оның аруланған орынына шырақ жағылады. Мұның мәнісі де шырағы сөнбесін, ошағы өшпесін, ұрпақтары жалғастырсын деген мағынада қолданылып келеді.

От қойып арулау – Өлік шыққан үйді дереу басқа жерге ауыстырып, өлікті шығарған, оның денесі жуылған жерді тазалап, от қойып арулайды. Ол жерді қазып, үстіне топырақ, тас үйіп кішігірім оба жасайды да, оны адам, мал баспауын жіті қадағалайды. Халық түсінігінде мұндай жерді адам, мал басса әртүрлі ауыруларға ұшырайды деген сенім орнаған. Сондықтан ол жерді от қойып арулайды, бұл жерді «арулаған жер» деп атаған.

Қоштасу айту – ерте кезде өлген адамды атымен қоса жерлесе, кейін аттың құйрығын кесіп, тұлдап, асына соятын болған. Тұлданған ат асқа сойылар кезде туыстары аттың жалын құшып «қоштасу» айтқан.

Ақ киізге орау – өлікті мүрдеге қазақтар ақ киізге орап, кілемге салып апаратын болған. Сондай-ақ өлікті бөлек киіз үйден шығаруы да, кейіннен мола тұрғызатыны белгілі.

Ала жіп ұстау – өлікті жөнелту кезінде ала жіпті ұстап отырып о дүниеге аттанаған адамның бар күнәсін өзіне қабылдау дәстүрі. Мәйіттің үстіне артылған ала арқанды абыз айналдыра отырып: «Ала жіп, ала жіп, бұл кісінің бар жазығын ала біт», – деп жіптің ұшын өлген адамның күнәсін көтеретін адамға ұстататын болған. Ала жіп арқылы екінші адам күнәні өзіне қабылдау рәсімін жасаған [Қайдаров, 1985, 111 б.]

Қазаға байланысты қолданылатын заттық мәдениет бірліктері (киім-кешек, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, аспап, үй жабдықтары, мал шаруашылығына қатысты заттар):

«*Кебін*» – өліге кигізетін киім. Үшкілсіз, тігісі сыртына қаратылған, түсі ақ болып келеді.

«*Шымылдық*» – ұлт дүниетанымында өлген адам мәйіті таза емес, әрі үрейлі, әрі киелі болғандықтан оны оң жаққа салып, шымылдық құрып,

қоршаған ортадан аулақтайды. Сондай-ақ өліктің бетін ақ матамен бүркемелеп жауып қояды. Осыған орай қазақта «арулау» деген сөз қолданылады.

Есік, босаға, маңдайша – Өлікті шығарарда табалдырыққа қойып дамылдатады. Оны үйден аяқ жағымен шығарады. Бұл ғұрыптардың мәні – басқа әлемге аттанардағы шекарадан өту мәнінде болса керек. Осыған орай табалдырықты басуға, есікті керуге болмайды деген тиым да бар екені мәлім. Сондай-ақ босаға екі дүниенің шегі, кез-келген дүниенің кіріп-шығатын есігі, әр нәрсенің ауызы деген ауыспалы мағыналарда да қолданыс табады.

*Есік алды ошаған,
Жылқы ішінде қащаған,
Өлгенде шығам деп едім,
Жібермеші босағам...*

*Есіктің үсті маңдайша,
Құрдан ескен таңдайша,
Өлгенде шығар үйімнен,
Жібермеші, маңдайшам.*

Атау кере – Ағайындарының алдында Алланың ақ өлімімен өтіп бара жатқан адамдар арыздасып, қоштасып болған соң, көз жұмар алдында соңғы асын сұрап ішетін болған. Бұны қазақта «атау кере» деп атаған. Осыған орай өлген адамды «дәм-тұзы таусылды» деп те жатады. Ежелгі салт бойынша ақтық сапарға аттанушы адам жақын адамының қолынан соңғы рет дәм тататын болған. Көргенді адамдар әлсіреген адамға сүйікті, соңғы асын дайындап берген. «Атау кере» сияқты киелі асты сұрап ішіп, өз ажалын қасқайып тұрып қарсы алып, артына үлгі-өнеге, ұлағатты өсиет қалдыратын қасиетті адмдардың бірі болған Жамбыл Жабаев өлер алдында елімен қоштасып, бір шыны айран алдырып ішіп, «Қарасай бабамнан қалған қызыл жолбарыс қайырылмай Алатауға еніп кетті, бұл менің атау-керем шығар» деген аңыз-әңгіме де бар [Қайдаров, 1985, 176 б.].

Иман суы – ақтық сапарға қолдан дәм таттырып аттандыру.

«Заттық мәдениет лексикасы – ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшелігіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде кумулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атауы» [Қайдаров, 1985,13 б.].

Осындай қазаға байланысты қолданылатын заттық мәдениет бірліктерінің сипаты – бір әлемнен екінші әлемге ауысудағы өтпелі рәсімді қамтамасыз етуден туған мұрағат.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әмірбекова А. Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Филол. ғыл. канд. дисс. Алматы: 2006. 107 б.
2. Воробьев В. В. Лингвокультурология (теория и методы). М.: 1997. 331 с.
3. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. Минск: Тетра Системс, 2004. 256 с.
4. Манкеева Ж. А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Док. дисс. автореф. Алматы: 1997. 53 б.
5. Қайдаров Ә. Этнолингвистика: Білім және еңбек №10. 18-22 б. Алматы: 1985.